



20 19 ЖЫЛҒЫ “08” маусыр

“ ” 20\_\_ года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Үшарал қаласы

2 - дана

I. Кіріспе бөлік


**Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** «Алакөл ауданың білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан былай – Мекеме). Алматы облысы Әділет департаментінің Алакөл ауданының Әділет басқармасы Заңды тұлғаны 2012 жылдың 19 маусымында тіркеуден өткізген. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 101240006118. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ85070103KSN0915000. Мекеменің коды 4647801.

Мекеменің орналасқан жері: Алматы облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі 148 үй.

**Аудиторлық іс-шараның атауы:** Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы.

**Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:** жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

**Мемлекеттік аудиттің мәні:** 001 «Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер»; 003 «Жалпы білім беру»; 004 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру»; 005 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу»; 006 «Балаларға қосымшабілім беру»; 007 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу»; 012 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»; 015 «Жетім



Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

007730

баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға материалдық қаражат төлемі»; 030 «Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу»; 067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары».

**Аудиттің типі, тексерудің түрі:** Сәйкестік аудиті.

**Мемлекеттік аудит тобының құрамы:** Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторы Төребеков Ғалымжан Еренұлы 2016 жылғы 05 желтоқсанындағы №0319 Мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы сертификаты. Жетекші маман – мемлекеттік аудитордың ассистенті Рысхан Батыр Мұхитұлы.

**Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма:** Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ.Манамұратовтың 2019 жылғы «18» сәуіріндегі №02-16/6.23–132–Т аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырма.

**Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда.

**Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2019 жылдың 23 сәуірінен бастап 08 мамыры аралығы.

**Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:** 2019 жылғы 18 сәуіріндегі «Аудиторлық іс – шараны, тексеруді жүргізу туралы» № 02-13/642 хабарламасы беріле отырып, «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы М.Т.Төлеужановтың рұқсатымен, мекеменің орталықтандырылған бухгалтериясының бас есепші Г.О.Елеусизованың қатысуымен аудит жүргізілді.

Аудит ауқымында 2012 жылдың 04 қыркүйегінен 2017 жылдың 03 сәуіріне дейін бірінші қол қою құқығы мекеменің басшысы А.Н.Бекболатовада болған, 2017 жылдың 04 сәуірінен 2017 жылдың 14 маусымына дейін мекеме басшысының уақытша міндетін атқарушы Б.С.Серғазинде болған, 2017 жылдың 14 маусымынан осы уақытқа дейін бірінші қол қою құқығы мекеме басшысы М.Т.Төлеужановта, екінші қол қою құқығы 2016 жылдың 05 шілдесінен 2017 жылдың 27 қазанына дейін мекеменің орталықтандырылған бухгалтериясының бас есепші О.Кдырғалиевада болған, 2017 жылдың 20 қарашасынан 2018 жылдың 19 ақпанына дейін мекеменің орталықтандырылған бухгалтериясының бас есепшінің уақытша міндетін атқарушы А.П.Даниловада болған, 2018 жылдың 19 ақпанынан 2018 жылдың 27 тамызына дейін мекеменің орталықтандырылған бухгалтериясының бас есепшінің уақытша міндетін атқарушы Р.Ж.Жумагуловада болған, 2018 жылдың 27 тамызынан осы уақытқа дейін мекеменің орталықтандырылған бухгалтериясының бас есепші Г.О.Елеусизовада.

**Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі:** \_\_\_\_\_

**Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:** Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман-мемлекеттік аудиторы Қ.Даирбековпен 2015 жылдың 01 сәуірінен бастап

2016 жылдың 31 желтоқсанын қоса алған кезеңді қамтып, Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануына аудит жүргізген. Аудит қорытындысы бойынша Алақөл ауданының қаржы бөлімі мен жеке кәсіпкерлер арасындағы келісім шарттардың талаптары орындалмай 1104,8 мың теңгенің жылытуға коммуналдық шығындары төленбегені анықталған және Алақөл ауданының мектептерінің психолог мамандарына G-10 санатымен төлеудің орнына G-9 санатымен артық төленген 1125,8 мың теңге анықталған. Мемлекеттік аудит объектісі 1104,8 мың теңгені жалға алушы жеке кәсіпкерлерден бюджет есебіне өндіріп алған. 1125,8 мың теңге психолог мамандардың еңбекақыларынан ұстаулар арқылы қалпына келтірілген. Тексеру комиссиясының бақылауда тұрған орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтары бар Аудиторлық қорытындылары (нұсқамалары) жоқ.

## **II. Негізгі бөлік**

Аудит бағдарламасын ашып жазу:

*Жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі:*

### **№1 Мемлекеттік аудит көрсеткіші:**

Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.

*Аудит бағдарламасындағы мәселенің атауы:*

1. Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер бойынша Қазақстан Республикасының заңнама нормаларының сақталуын тексеру.

2. Жалпы білім беру саласына бөлінген қаражатты пайдаланудың негізділігін тексеру.

3. Балаларға қосымша білім беру бағдарламасына бөлінген қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын тексеру

4. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

б) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

в) патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

г) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

д) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

е) Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізуін тексеру.

5. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

6. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

**Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:**

***1. Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер бойынша Қазақстан Республикасының заңнама нормаларының сақталуын тексеру.***

001 «Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2017 жылы 16298,0 мың теңге қаржы жұмсау жоспарланып, 16297,1 мың теңгеге шығыстар жасалған, ал 2018 жылы 16920,0 мың теңге қаржы жұмсау жоспарланып, 16918,7 мың теңгеге шығыстар жасалған.

«Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылғы штаттық кестесіне сәйкес мекемеде мемлекеттік қызметкерлер саны 7 бірлік болып, айлық еңбекақы қоры – 745,3 мың теңге, 2018 жылы – 767,0 мың теңге сомасында бекітілген.

Ал тарификациялық тізім бойынша 2017 жылы техникалық қызметкерлер саны 3 бірлік болып, айлық еңбекақы қоры – 97,3 мың теңге, 2018 жылы техникалық қызметкерлер саны 2 бірлік болып, айлық еңбекақы қоры – 72,8 мың теңге сомасында бекітілген.

«Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымдық мекемелерінің штаттық кестесі және тарификациялық тізіміне сәйкес мекемелерде 2017 жылы жалпы саны 1717,5 азаматтық қызметкер 171806,0 мың теңге айлық еңбекақы қорымен, 2018 жылы жалпы саны 1767,8 бірлік азаматтық қызметкер 203004,8 мың теңге айлық еңбекақы қорымен бекітілген.

Мемлекеттік қызметкерлерге еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V «Еңбек кодексі», Қазақстан Республикасы Президентінің 17.01.2004 жылғы №1284 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Жарлығына сәйкес, «Б» корпусы бойынша қызметкерлердің лаузымдары тізіліміне сәйкес

анықталған категориясы бойынша мемлекеттік қызметте атқарған жұмыс өтілі бойынша белгіленген коэффициенттері, Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген базалық лауазымдық жалақыға көбейту негізінде айқындау арқылы есептелініп, төленген.

Азаматтық қызметкерлердің айлық еңбекақыларын есептеу және төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесін бекіту туралы» қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.01.2008 жылғы №77 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 29.01.2008 жылғы №40 «Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлеріне жалақыны есептеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 14.06.2010 жылғы №302 «Білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу ережесін бекіту туралы» бұйрығы басшылыққа алынған.

Аудит барысында еңбекақы, сыйақы, үстеме ақылардың және сауықтыру жәрдемақыларының есептелуі мен төленуі және қызметкерлермен есептесуде жұмысқа қабылданған туралы, босатылғаны, еңбек демалысы туралы бұйрықтары қаралды. Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу 30.11.2015 жылғы №908 «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларына» сәйкес есептелген. Еңбекке жарамсыздық парағы 28.12.2015 жылғы №1103 «Әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау, төлеу сонымен қатар оның мөлшерін анықтау ережелерін бекіту туралы» қаулысына сәйкес есептелініп төленген.

Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларына үстеме және қосымша ақыларды төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.08.2001 жылғы №1127 «Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға арналған мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемесі ақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларына үстеме және қосымша ақыларды төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесін бекіту туралы» қаулысының талаптары басшылыққа алынған.